

С.А. Жиренов¹, У.Е. Кенжебаева^{2*}

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: saken82@mail.ru, *uli.05@mail.ru)

Адамзат дүниетанымындағы «мінәжат» концептісінің лингвокогнитивтік сипаты

Мақалада «мінәжат» концептісіне, оның абстрактілік сипатына, лингвокогнитивтік табиғатына жан-жақты талдау жасалып, лингвист ғалымдардың тұжырымдарының негізінде «мінәжат» концептісінің коннотациялық, этнотанымдық, бағалаушытық, ассоциативтік, бейнелік сипаттары лингвистикалық аспектіде қарастырылған. Мінәжат ету барысында лингвосемантикалық, этнотанымдық категорияларды антропоэзектік аспектіде қарастыру арқылы жалпы адамзаттық, этнотанымдық ерекшелікті, мінәжат етушінің эмоциялық қалып-күйін көрсетуге болады. Әлеуметтік институттар арасындағы байланысты орнықтыратын, құрмет пен ізетке негізделген қарым-қатынасқа жетелейтін бата-тілек сияқты мінәжат формасын зерттеу арқылы адамдар арасындағы мәдени коммуникациядағы орны мен мәні көрсетіледі. «Мінәжат» концептісін антропоэзектік негізде зерттеудің тиімділігі мақаладағы тілдік деректерді лингвокогнитивтік аспектіде талдау, салыстырмалы талдау, грамматикалық категорияларды семантикалық тұрғыда талдау әдістерін қолданудың нәтижесінде мінәжат дискурсының ұлттық болмысқа, ұстанатын дінінің ерекшеліктеріне, адамға тән мінезге, көңіл күйіне, архитиптік бейнелер мен басқа да категорияларға қатыстылығы айқындалып, халықтың, адамзат баласының, этностың, жекеленген тілдік тұлғалар дүниетанымындағы мінәжаттың коннотациялық, бағалаушытық, ассоциативтік, бейнелік сипаттары ғылыми концептуалдық тұрғыда талданады. Зерттеудің практикалық маңызы мінәжатқа қатысты мәтіндерді талдау алгоритмін лингвист, теолог, мәдениеттанушы, этнолог ғалымдар, психологтар кең көлемде қолданатындығымен айқындалады.

Кілт сөздер: мінәжат, концепт, антропоэзектік негіз, лингвистикалық талдау, құлшылық.

Кіріспе

Қазіргі уақыттағы лингвистикалық зерттеулердегі антропоэзектік парадигма негізінде қарастырылатын мәселелер қатарына адам өміріндегі мінәжат ету актісінің рөлі, оның мәні мен құндылығын лингвистикалық аспектіде қарастыру арқылы әлемнің тілдік бейнесіндегі құрамдас фрагменттердің түзілу жолын көрсетуге болады. Лингвистикалық кеңістіктегі тіл мен руханилық, мәдениет пен этнотаным, тіл мен халықтық таным секілді категориялардың арасындағы тығыз байланысты ашып көрсеткен тіл ғылымын лингвофилософиялық тұрғыдан зерттеген В. фон Гумбольдтың еңбектерінің тілдің адамға тікелей қатыстылығы жағынан талдауға жетелеуі, «мінәжат» сияқты күрделі концептілерді зерттеудің кез келген халықтың ұлттық танымын түсініп, адамдардың ішкі қажеттіліктерін ғалам бейнесін танудағы когнитивтік механизмдерінің ерекшеліктері арқылы қалай жеткізетінін ұғынуға жол ашады. В. фон Гумбольдт зерттеулерінде тілдің өз алдына өздігінен ең маңызды және жалпыға пайдалы зерттеу пәні екенін көрсету маңызды болды, дегенмен ол мұндай дәстүрлі көзқарасқа сүйенгеннен гөрі, тілдің түпкілікті және іргелі сипатының адамға қатыстылығы тұрғысынан қарастыруды көздеді. Мұндай қажеттілік негізінен тілдің адам болмысы формасын ашатын тілдік қабілетті философиялық тұрғыдан талдаудың нәтижесінде туындады» деген тұжырым жасайды [1; 313]. Әлемді танудағы тілдің қуаты танымдық әрекеттермен ұштасқан уақытта орасан мүмкіндіктерге ие болуымен қатар, адам яки этнос феноменін тануға ықпал етеді. Себебі дүние бейнесі «менталды түзілім», ойлану сана мен тіл сынды ментал-лингвалды кешеннің бір бөлігі болғандықтан, тілсіз ойлану сияқты танымдық әрекеттің жүзеге асуы мүмкін емес [2; 19–23].

Адамзат болмысы мен этнос табиғатын танудың бір тетігі ретінде тілдегі «мінәжат» концептісіне антропоцентристік парадигма аясында зерттеулер жүргізу арқылы әлемнің әрбір үзіктерін танудағы адам баласының индивидуалды ерекшеліктері тілдік код арқылы құндақталып жатқандығын көрсетеді.

Тілдегі концептілік бірліктерді антропоэзектік парадигма аясында зерттеулер негізінде жүргізу барысында «субъект пен объект», «мінәжат етуші мен сакралды тұлға» арасындағы этнотанымдық

түсінікке сәйкес туындаған коммуникация тікелей субъектінің қатысуымен, яғни оның жалынып-жалбарынуы, тәу етуі, құлшылығы қандай да бір іс-қимылдарды жүзеге асыруы арқылы орындалатын коммуникативтік акт саналады. Сондықтан субъектінің қалай мінәжат еткеніне, лексикалық бірліктерді қолдану ерекшелігіне қарап, жекелеген этностың, қандай да бір дінді ұстанушының дүниетанымын түсінуге болады. Өйткені кез келген адамның мінәжат ету актісі кезіндегі қимылы, айтқан сөздерінен оның эмоциясы мен сезімін ғана емес, сондай-ақ мәдениеті мен рухани деңгейінен, дүниетанымдық әлемінен хабардар етеді. Адамның мінәжат еткен кездегі айтқан сөздері оның психологиялық жай-күйі, наным-сенімдері, танымы, руханилығы туралы ақпарат береді. «Мінәжат» концептісінің этнотанымдық табиғатының астарында діни, мәдени, психологиялық, когнитивтік, лингвистикалық ұғым-түсініктер мен сан алуан құндылықтар жүйесі шоғырланып жатыр.

Адам дүниетанымындағы бір ғана категорияның астарында этностың әлемді танудағы ерекшеліктері тілдік дискурс арқылы көрінеді. Осылайша тұрмыстық өмірдегі адам баласының мінәжат ету актісін лингвистикалық тұрғыда талдау арқылы кез келген ұлт өкілінің мәдениетін, дүниетанымын, діни сенімін тілдік материалдардың негізінде көруге болады.

Жалпы адамзат баласы дүниетанымындағы мінәжат ету әрекеті лингвистикалық тұрғыдан терең зерттелмеген концепт. Себебі осы кезге дейін «мінәжат» концептісін ғалымдар тек әдеби және діни тұрғыдан қарастырып, мінәжат мәнді мәтіндерді көбіне өзара салғастыра талдау арқылы зерттеп, басты назарды оның аксиологиялық бейнесіне аударып келген. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде мінәжат жанры туралы әуелгі ғылыми тұжырымды жасаған, ал әдебиеттанушы ғалым И. Жеменей мінәжаттың парсы тілінен аударғандағы бес түрлі мағынасына тоқталып [3; 165], оған өз анықтамасын беріп өтсе, Ғ.Ә. Тұяқбаев Қ.А. Яссауи және Т. Ізтілеуовтің мінәжат жанрындағы өлеңдерін жан, рух пен ар тазалығы, руханилық, сабыр қанағат, шүкіршілік сияқты аксиологиялық категориялар тұрғысынан қарастырған [4; 51–54], Б.Д. Керімбекова, А.В. Таңжарықова мінәжаттың құндылықтық сипатымен қатар әдебиеттегі жанр ретіндегі ерекшелігін зерттеп, адамның мінәжат етуге жетелейтін интенцияның тек бір түрін (тілеу) атап өтеді [5; 142–145].

Адамзат дүниетанымындағы «мінәжаттың» жалпыхалықтық, әмбебаптық, ұлттық сипаттары өзара сабақтастықта қарастырылып, оның барлық халыққа тән әмбебап концепт екені нақтыланып, мінәжат мәнді мәтіндерді лингвистикалық тұрғыда талдау арқылы мінәжат етушінің прагматикалық мақсаттарына қарай оның түрлі коннотациялық, образдық, бағалауыштық, когнитивтік, психологиялық, теологиялық, ассоциациялық сипаттарды индивидтің когнитивтік санасында қабылданып, белгілі бір тілдік бірліктер мен іс-әрекеттерді орындау арқылы жүзеге асады. «Мінәжат ету» әрекеті адамның танымдық әрекетінің бір түріне жатады. Мінәжат ету әрекетін лингвистикалық аспектіде талдау арқылы, адам санасында «мінәжат» концептісіне қатысты қалыптасқан образдарды анықтау арқылы оның дүниетанымының алуан түрлі қырларын (мәдени, діни, тұрмыстық т.с.с.) айқындап, «мәдениет-тіл-дін» үштігінің тығыз сабақтастықта болатынын барынша аша түсу, мінәжат ету формасындағы жалбарыну, тілек тілеу әрекеттерінің әлеуметтік институттар арасындағы байланыстарды орнықтыратын танымдық құрал бола алады.

Материал мен әдістер

Тілдік қолданыстағы «мінәжат» концептісінің табиғатын тану үшін тілдік, этномәдени мазмұнды-ақпараттық құрылымдағы қазақтың бай бата-тілек мәніндегі мәтіндер мен әлемдік діндердегі мінәжат мәнді мәтіндер тілдік деректік материалдар ретінде пайдаланылады.

Қазақ тілтаным ғылымында «мінәжат» концептісінің когнитивтік семантикасы арнайы нысанаға алынып зерттелмесе де, «мінәжат ету», «тәу ету» әрекеттерінің мәдени семантикасы философия, мәдениеттану, әдебиеттану, психология секілді ғылым салаларында ғылыми теориялық ақпарат пен оның уәжділігі туралы тілдік материалдар беретін еңбектер қоғамдық гуманитарлық бағыттағы зерттеулерде кездеседі. Мінәжат концептісін зерттеу барысында В. фон Гумбольдт, З.Д. Попова, И.А. Стернин, С.А. Песина, Т.Ю. Солончак, В.А. Маслова, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, А. Әмірбекова, Г.И. Исина, И. Жеменей, Г. Мамырбекова т.б. зерттеушілердің еңбектері теориялық және практикалық жағынан қарастырылды.

Осы және өзге де зерттеулердің нәтижесіне сүйене отырып, «мінәжат» концептісін тілде сақталған этнолингвистикалық, лингвомәдени, теолингвистикалық, лингвокогнитивтік деректердің қолданыс өрісі мен танымдық астарына үңілу арқылы тілдік фактілердің негізінде тереңірек түсінуге болады. Себебі «мінәжат» концептісі адам баласына тән категория болуымен қатар, адамның

дәрменсіздігі мен қауқарсыздығына тілдің қуаты мен санасындағы сенімінің нәтижесінде оған дем беріп, күш бітіретін, ерекше рух сыйлайтын көрсеткіш саналады. Демек, «мінәжат» концептісінің этнотанымдық табиғатынан ұлттық-мәдени категориялардың ерекшелігін, этникалық діни танымдық өзгешелікті, этнос болмысын көрсететін мәдени семантиканы көруге болады.

«Мінәжат» концептісінің ұлттық мәдени ерекшеліктері мен мәдени семантикасынан этностың рухани өмірін көрсететін деректерді лингвистикалық тұрғыдан талдау барысында бақылау, лингвосемантикалық талдау, салғастырмалы талдау, грамматикалық категорияларды семантикалық тұрғыда талдау әдістері қолданылады.

Нәтижелер және оларды талқылау

Адамзат баласының рухани өміріндегі «мінәжат» концептісі этноқауымдастық өкілдерінің қай қайсысының болмасын тұрмыстық және рухани жан әлемінде үлкен рөл атқарады. Тілдегі мінәжат ұғымы қолданысы яки жанры жағынан да, түрі жағынан да мазмұны мен мәні басым, қазақы тұрмыс-салтқа қатысты көптеген тілдік материалдарды қамтитын адам баласының рухани жан әлеміндегі ерекше категория саналады. Адам баласының рухани-тұрмыстық өміріндегі мінәжат ету үлгілерінің алуан түрлері (Құдайға құлшылық ету, тәу ету, бата сұрау, тілек тілеу, құдайы тамақ беру, дұға жасау, жалбарыну, т.б.) қолданыс бітімінде ғана емес, этностың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымдық түсінігімен белгілі бір мінәжат қылудың әдет-ғұрыптарын орындау әрекетімен де етене жақын болуымен ерекшеленеді. Мінәжат ету барысындағы орындалатын әрекеттердің негізгі мақсаты алуан түрлі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді, діни канондарды атқарудың нәтижесінде осы оқиғаға қатысушылардың көзқарасынан ақпарат береді. Мысалы, қазақ тіліндегі түсіндірме сөздіктерде «Мінәжат — жалбарыну, құлшылық ету», ал орыс тіліндегі сөздікте «моление — молить (акт), мольба, страстная просьба» деген мағынаны білдіреді деп жазылғанымен, бұл түсіндірменің астарында оның танымдық тұрғыдағы барлық мағыналық реңкі қамтылмайды [6; 338. 7; 409; 8].

Мінәжат парсы тілінде «біреумен сырласу, сыбырласу; Алламен сырласу; біреудің ішкі ойын ұғыну; сырласу; Алладан тілеу» [3; 165] деген мағыналық өрісте қолданылып, мінәжат ету әктісі тек ислам дінінде ғана емес, барлық дінде кездесетін мағыналық аясы кең ұғым-түсініктермен өзара сабақтас екендігін көрсетеді. Бұл ретте З.Д. Попова мен И.А. Стерниннің «кейбір сөздердің лексикографиялық мағыналары көп жағдайда сөздің сөйлеу кезіндегі шынайы қолданысын сипаттау үшін жеткіліксіз және ауқымы жағынан белгілі бір тілде сөйлеушінің санасындағы мағыналарынан әлдеқайда аз болады» деген тұжырым жасайды [9; 67]. Бұдан мінәжат сияқты когнитивтік семантикалық аясы кең бірліктердің тілтанымдық (концептілік) қасиетін ашу қажеттілігі туындайды. Осыған орай Г.А. Крюкованың «заманауи лингвистикада концепт когнитивті семантика тұрғысынан элем туралы білімді репрезентациялайтын формалардың бірі ретінде қоланылатыны» [10; 129] және С.А. Песина мен Т.Ю. Солончактың «концепт көп аспектілі ұғым, ол мағыналық негізден өзге элеуметтік-мәдени түзілімнен, яғни адамға тән субъективті ассоциациялар, эмоциялар, сезімдерден құралады» деген [11; 589] және В.А. Маслова «концептіні қарастырғанда оның ұғымдық-атауыштық сипатын ғана емес, сондай-ақ коннотациялық, образдық, бағалауыштық, ассоциациялық сипаттарға ие көп қырлы түзілім екені ескерілуі қажет» деген тұжырымына сәйкес «мінәжат» концептісіне лингвистикалық талдау жасау арқылы этноқауымдастық өкілдерінің дүниетанымдық ерекшелігі мен әлемді танудағы дүниелік көзқарасының тілдік қолданысының концептілік аясын анықтауға болады [12; 59].

Адам баласының он сегіз мың ғаламдағы орны мен сол ғаламға қатынасының көрсеткіші «мінәжат» концептісі саналады. Себебі адамның ғаламмен қатынасындағы мінәжат ету әктісі құдайға құлшылықтан, жалбарынудан, тілек тілеуден, дұға жасаудан, сыйынудан, пір тұтудан бата алумен бата беруден бастап, сакралды мекендерге тәу етуден, мистикалық құбылыстарға табынудан, діни канондарға бағыну сияқты іс-әрекеттердің бәрін қамтиды. Осындай әрекеттердің барлығы вербальды және бейвербальды амалдар арқылы жүзеге асады. Бұдан мінәжат етушінің өз алдына қойған прагматикалық мақсаттарына қарай оның түрлі коннотациялық, образдық, бағалауыштық, когнитивтік, психологиялық, теологиялық, ассоциациялық сипаттарды санасында қабылданып, белгілі бір тілдік бірліктер мен іс-әрекеттерді орындау арқылы жүзеге асады. Осыған байланысты «мінәжат» концептісінің субъектінің санасындағы қабылдану ерекшелігіне қарай шартты түрде былайша жіктеуге болады (1-кестеде көрсетілген).

«Мінәжат» концептісінің санадағы қолданыс түрлері

Түрлері	Коннотациялық сипаты	Бағалауыштық сипаты	Ассоциациялық сипаты	Бейнелілік сипаты
Құлшылық жасау	Позитивті/бейтарап	Оң/бейтарап	Құдайға деген сенімнен туған акт, бойұсыну, дұға жасау, бес уақыт намаз, тауап ету, яғни қара тасты (Қағба) айналу, ораза тұту, крестный ход (мәні кейінгі мәтінде ашылады: христиан дінінде), гороо (мәні кейінгі мәтінде ашылады буддизмде) т.б.	Діндәр, тақуа, пақыр, сопы, мінәжат етуші кісі, ғибадат ету орны Қағба, мешіт, храм, ступа (будда дінін ұстанушылардың ғибадатханасы), т.б.
Бата беру/бата алу	Позитивті («ақ бата» тіркесіндегі ақ лексемасының өзінен прагматикалық мақсаттың позитивті екені байқалады)	Оң	Құдайдан жақсылық сұрау, құт-береке, қорған болуды сұрау, тілек тілеу, жақсылыққа бастама	Ақсақал, көсем, ауызы дуалы кісі, халық, өскелең ұрпақ, әр түрлі орындар (жиындар, дастархан басы және т.б.)
Жалбарыну	позитивті/нейтрал /негативті (мінәжат етушінің интенциясы және прагматикалық мақсатына қатысты, яғни нені қалайтыны мен жақсы немесе жаман нәрсені сұрауына байланысты)	Оң/теріс/бейтарап	Құдайға сенім арту, қажетсіну сезімі, дұға ету	Діндәрлық, тақуалық, пақыр, өмірінде қиын жағдайға душар болған адам, ғибадат ету орны, түрлі жоралар

Тілдік қолданыстағы «мінәжат» концептісі түрлерінің тұрмыстық өмірдегі қолданыс өрісінен адамның психоэмоциялық күйі, дүниетанымы, діни сенімі, этникалық салт-дәстүрге қатыстылығы айқын көрінеді. Бұл ретте діннің (ислам, христиан, буддизм, т.б.) көп жағдайда жалпы адамзаттық сипатта болатынын ескерген жөн. Осыған орай Г.И. Исина «халықтың діні мен тілі оның менталитетін анықтайтын факторлардың қатарына кіреді» деген тұжырымынан тіл мен діннің өзара берік байланысы мінәжат ету актісіне қатысатын тілдік бірліктерге лингвистикалық талдау жасаудың нәтижесінде, этностың ғаламға қатынасының тілдік ерекшелігін көрсетеді деген байлам жасайды [13; 101]. Тұрмыстық өмірдегі мінәжат ету актісі кезінде қолданылған сөздерде кез келген халықтың ғасырлар бойы қордаланған өмірлік тәжірибесі мен танымдық ерекшелігі көрініс табады. Әрбір халық өкілінің мінәжат еткенде айтқан сөздерінен оның сол мезеттегі эмоциялық көңіл-күйінен бастап, әрқилы әлеуметтік институттар арасындағы байланысты айқындауға, діни канондардың ерекшеліктерін көруге, салт-дәстүрі мен мәдениеті туралы тікелей немесе жанама мағлұмат алуға болады.

Мінәжат ету актісі әртүрлі әрекеттердің негізінде жүзеге асады. Мәселен олардың жүзеге асу жолдары мынадай формада болатындығын байқауға болады. Біріншіден, субъектінің тікелей құдайдан яки тылсым күшке жалбарынуы (*Е құдайым оңдай көр, оң жолыңа бастай гәр//Бір Аллаға сыйынып, Кел балалар оқылық//Ескі ай есірке, жаңа ай жарылқа, т.б.*); екіншіден, сакралды жерлерге тәу ету және тауап ету (*Қағбаны айналу, Киелі ағаш, әулие ағаш, ерекие бастаулар, т.б.*); үшіншіден, аты аңызға айналған және халықтық тұлғаларға табыну (*Райымбек батыр кесенесі, Домалақ Ана кесенесі, т.б.*); төртіншіден, діни тұлғалар мен діни мекендерге жүгіну (*Бекет Ата, Яссауи кесенесі, т.б.*); бесіншіден, ел арасындағы «ауызы дуалы, сөзі уәлі» деп саналатын тұлғалардан бата алу (Төле бидің батасы, субъект өзі құрметті деп санаған индивидттердің батасы); алтыншыдан, этнос мәдениетіндегі салт-дәстүр үлгілері немесе мінәжат ету формасындағы әрекеттер (*баланың аузына түкірту, жақсы отырған орынға аунату, үлкеннің кішіге ас ұсынуы/құлақ*

беру/асату/үлестіру, тәбарік алу, т.б.), жетіншіден, жанды/жансыз заттар мен құбылыстарды кие тұту немесе табыну (көкбөрі, қарлығыш, үкі, тұмар, ақ байлау, үкі тағу, т.б.) үлгілерінде жүзеге асады. Осы аталған мінәжат ету актілері тікелей тілдің қатысуы арқылы жүзеге асып, адамның ішкі жан әлемін моральдық және рухани тұрғыдан байытуға ықпал етеді. Мінәжат ету актісі аталған жіктемелердің барлығында тілдік бірліктер тікелей және жанама үлгіде, ашық және жасырын формада қатысады.

Құлшылық түріндегі (тауап ету, ғибадат ету формасындағы) мінәжаттың сипаты, мазмұны, әлеуметтік институттар арасындағы байланысты орнықтырушы фактор ретіндегі рөлі жоғары саналады.

Жалпыадамзаттық тұрғыда құлшылық жасау құдайға (дұға, намаз оқу, ораза тұту, тауап ету, тәу ету, храмдар мен ғибадатханаларда түрлі жораларды жасау, т.б.), тылсым күштерге (кие тұту, т.б.) табынып, шүкіршілік етіп, түрлі жораларды жасап сыйынуды білдіреді.

Құлшылықтың тауап ету түрін атағанда адам санасында бірден қасиетті орындарды зиярат ету деген ассоциация туындағанымен, бұл сөзді тек Қағбаны айналуға қатысты екенін көпшілік біле бермейді. Р. Сыздық мұны өз еңбегінде «тауап араб тіліндегі бір нәрсені айналу деген мағынадағы тауаф сөзі» деп айтып, Қағбаға қатыстылығын Алпамыс батыр жырынан:

«Болды тауап қылғандай,

Ниет қылып қағбаны» үзіндісін келтіру арқылы көрсетеді [14; 162]. Аталған мысалдардағы «тауап» сөзіне қатысты прагматикалық мақсаттың бейтараптығы іс-қимылдың сырттай сипатталып, эмоцияны көрсететін ешбір сөздің қолданылмағанынан байқалады. Бұл құлшылықтың тауап ету түрінің конотациялық сипатының бейтараптығының белгісі саналады. Оның бағалауыштық сипаты ниет қылу сөзінен көрінеді. Ниет сөзін естіген реципиенттің санасында жағымды реңкті интенция туындайды. Ал тауап пен қағба сөздерін естігенде ғибадат орынын айналу деген ассоциация пайда болады. Тауап етудің бейнелік сипатына тоқталсақ, адам санасында қара қағба тасы, мінәжат етушінің образдары бейнеленеді.

Жалпы тауап етудің әлеуметтік институттар арасындағы байланыстарды орнықтыратын фактор ретіндегі рөлінің маңыздылығы «Қағбаны жеті рет айналып, тауап жасау Алланың бір екенінің белгісі, күллі мұсылмандардың ауызбіршілігін, бірлігін сақтауға ұмтылуды білдіретін» әрекет екенінен байқалады [15]. Қағбаны айналғанда балалары әке-шешесіне, немерелері ата-әжесіне, жасы кіші туыстар үлкендеріне сүйеніш болып, құлап қалмауларына көмектесіп, олардың ризашылығына бөленеді. Бұл өз кезегінде туыстық байланыстың бекуіне әкеліп, үлкендер мен жастар арасында құрмет пен ізетке негізделген қарым-қатынастың орнығуына себеп болады.

Тауап етудің діни тұрғыдағы аксиологиялық бейнесіне келер болсақ, ол осы құлшылық кезінде байқалатын рухани құндылықтардан (төзімділік, мейрімділік, бірқұдайлық) бөлек Қағбаны жеті рет айналуға жеті санының символдық рөліне де қатысты, «өйткені жеті қат көк, нәпсінің жеті дәрежесі мұсылмандар үшін жат ұғымдар емес, мұндағы жеті айналым нәпсінің жеті түрлі дәрежесін, олардың төменнен жоғары қарай ауысуын білдіреді» [15]. Бұдан тауап етудің аксиологиялық бейнесін рухани тұрғыда жаңғыру, нәпсіні жеңіп, жаны таза адам болуға ұмтылу, жаратушыны мадақтау сынды категорияларды құрайды. Бұл ретте мінәжат етушінің де тауап еткендегі интенциясы позитивті екенін ескерсек, осы құлшылықтың бағалауыштық сипатының оң болатындығын көрсетеді.

Христиан діні (крестный ход) мен буддизмде (гороо) де тауап етуге ұқсас құлшылық түрлері бар. Мәселен, православтық бағытты ұстанатын христиандар кірес, құдай әлде әулиелері бейнеленген иконаларды ұстап, бойындағы жаман қасиеттерді тыю, төзімді әрі мейірбан болуды үйренуге ұмтылып, крестный ход құлшылығын жасайды. Символдық тұрғыдан қарағанда крестный ход өмір жолымен құдайға жақын болуды ойлап, дұға оқып, бір дінді ұстанатындармен бірлікті сезініп жүру, жолда қиналып келе жатқандарға сүйеніш болып, мейірімді болуға жетелейді дегенді білдіреді. Бұл құлшылықтағы жоралар, мінәжат етушілердің жүріп өтетін жолы, айналатын храмы діни мейрамдардың түрлері мен христиан дінінің бағыттарына қарай әртүрлі болады. Қазіргі таңда крестный ходтың екі түрі бар: бірінші түрі зерттеуімізде қарастырып отырған храмды айналу (діни мерекеге байланысты құлшылық), екіншісі әулиелерді еске түсіретін орындарға зиярат ету. «Православтық бағыттағы крестный ход сағат тіліне қарсы жасалады, яғни мінәжат етушілер храмды күннен кері емес күнге қарай (алдынан көрінген күнді Христтың адалдық күні деп атайды) жүріп айналады» [16]. Жоғарыдағы ақпаратқа қарап, крестный ход пен тауап етудің коннотациялық және бағалауыштық сипаттарының ұқсас келетіні, ал ассоциациялық сипаты мен бейнелік сипаттары, діни жоралғылар мен ритуалдар, діни атрибутиканың өзгеше болуына байланысты ерекшеленетін

байқалады (дегенмен кейбір сәйкестіктер де бар, өйткені әрекет мәнері мен құлшылық орындап, айналатын нысандардың қолданылатын мақсаты ұқсас).

Буддизмде гороо деп аталатын қасиетті орынды (ступаны/ғибадатхананы) жақсы қарманы жинау үшін айналу жорасы бар. Мінәжат етуші ступаға қарап ғибадат еткен соң, ступаны үш рет айналады. Бірінші айналым ұстазды (Бодхисатты, яғни Будданы), екінші айналым драхманы (осы құлшылықтың контексінде: ішкі жауларды, яғни түрлі нәпсіні бағындыру, бірнәрсені тілеуден бас тарту), ал үшінші айналым сангханы (осы құлшылықтың контексінде: монахтар жамағатын) еске алуды білдіреді. Адамдар ступаны сағат тілінің бағытына сәйкес айналып, мантраларын (дұғаларын) оқиды [17; 16–18]. Бұл ритуалдың тауап етуге ұқсас тұстары ғибадат орынын айналу және нәпсіні тыйып, жақсылыққа ұмтылу интенциясында. Ал әлеуметтік институттармен қарым-қатынасты орнықтыру мәселесіне тоқталсақ, буддизмнің гороо жорасында ұстаз-шәкірт-жамағат арасындағы байланыс шәкірттің ұстазға деген құрметі Будда образын ойша еске алып, ол сияқты кемел болуға, кемелденуді мақсат тұтып, руханилықты өмір жолы ретінде таңдаған монахтар жамағатына ұқсауға ұмтылудан артады.

Бата түріндегі мінәжаттың сипаты, мазмұны, әлеуметтік институттар арасындағы байланысты орнықтырушы фактор ретіндегі рөлі жоғары саналады.

Тұрмыстық өмірде, ел арасында мінәжат ету әктісі бата беру/бата жасау/бата алу формаларында жиі кездеседі. Этнос мәдениетіндегі батаның түрі мен кімге берілгеніне қарай, оның мазмұнында салт-дәстүр, тұрмыс-салт, ел басқару жүйесі мен дінге байланысты ұғымдар өзара сабақтастықта біртұтас жүйе ретінде беріледі. «Мәні жағынан алғанда бата–тілекті арнау, бағыштау көбінесе халық поэзиясының такпақ, терме түрінен туындайды, шешендік арнау болып та айтылады» [18; 4]. Этностың рухани мәдениетінде қалыптасқан батаның ақ бата, теріс бата, сақтық бата, астан кейін қайырылатын бата, жарапазан батасы, серттесу батасы, т.б. түрлері бар. Бата беру/бата алу әрекетінде мінәжат ету әктісінің ашық та жасырын формалары тілдік бірліктердің қатысуы, субъектілердің өзара ықпалдасуынан жүзеге асады.

Қазақ халқы үшін батаның мәні мен орыны ерекше. Батаны дастархан басында, маңызды іс бастарда, жастар үйленер алдында, беташарда, әлдебір кісіге жақсылық тілеп, жолы болсын деп қалағанда және ел немесе адам өміріндегі басқа да маңызды кездерде беріледі. Негізі батаны көпті көрген, ауызы дуалы, қоғамдық өмірде үлкен жетістікке жеткен адамдардан, батырлар мен шешендерден сұраған. Бата бергенде көсемдер мен шешендердің туған жерге, дүйім жұртқа, өскелең ұрпаққа, ата-ананың баласына, үлкеннің кішіге амандық, табыс, бақ-береке, қолдау сияқты осы өмірдің бар жақсылығын жаратқаннан сұрап тілейді. Бата-тілек үлгілері мінәжат етудің мазмұнымен барынша ұштасып, нақты бір адамның немесе дүйім жұрттың жағдайын ойлап, жаратқаннан жалбарына сұраудың поэтикалық сипаттағы берілетін бата мазмұнында тілек тілеу, жалбарыну, сұрау, өтіну, тәу ету формасында болады. Мысалы:

«Періштенің құлағына шалынсын,

Тәңірім қолдасын, еш жамандық болмасын» [19; 36].

Мұндағы бата берушінің сөз қолданыстарынан «Тәңірім» деген сөзден этностың діни танымдық ұстанымымен, оның санасында архетиптік бейненің сақталғандығын көрсетеді. Сонымен қатар Тәңір сөзіне жалғанған «ім» тәуелдік жалғауынан бата берушінің «абсолютті» өзіне жақын тартатынының белгісі болса, «қолдасын», «болмасын» деген үшінші жақта тұрған етістіктерден бата берушінің Тәңірден қолдау сұрап, тілегеннен басқа, жағдайға әсер ете алмайтынын байқатады. Бұл бата берушінің байқампаз, әр нәрсенің өз реті бар деп ойлайтын, әрбір сөзін эмоцияға берілмей, саралап айтатындығын көрсетеді. Өйткені прагматикалық тұрғыдан алғанда бұл батаны естіген реципиенттерде құдай қолдаса, бәрі онынан болады деген ойды қалыптастырып, олардың бойында бата берген кісіге деген құрмет сезімін тудырады, игі істерге итермелейді (жамандық болмасын деген сөзді декодтайтын болсақ, бір де бір жаман іс-әрекет жасалмасын деген мағына ашылады). Бұл осы батаның бата жасаушы тарапынан айтылатын коннотациялық сипатының позитивті, ал реципиент тарапынан алғандағы бағалауыштық сипатының оң екенін көрсетеді. Батадағы «құдай қолдасын, еш жамандық болмасын» деген тіркестердің мінәжаттың осы түрінің санадағы ассоциациялық бейнесінің құдайдан қолдау, жақсылық сұраумен ұштасатындығын көрсетеді.

Жалпы алғанда құдайдан қолдау сұрау мінәжат ету әрекетіндегі жиі кездесетін рухани танымдық әрекет саналады. Бұл адамдардың табиғаттағы, өмірдегі өздері басқара алмайтын әралуан құбылыстардың алдындағы дәрменсіздігі мен шарасыздығын көрсетеді. Негізі бата беру формасындағы мәтіндердің астарында тылсым күшке мінәжат ету арқылы, белгілі бір игіліктер мен

жақсылықтарды сұрау этнос өміріндегі орныққан дәстүрлі мәдени категорияға айналған әрекет. Мәселен:

«Әуелі, құдай, жаздай бер.
Жаздай берсең, жазбай бер,
Әуелі, құдай, күздей бер,
Күздей берсең, үзбей бер,
Әуелі, құдай, қыстай бер,
Қыстай берсең, қыспай бер,
Көктемдей бер,
Көктемдегі көгеріп өскендей бер.
Бұл үйдің бізге берген дәмі тары екен,
О да өзінің бары екен...» [20; 23]

Бұл мәтіндегі бата мазмұнының лексикалық бірліктер құрамындағы тіркестердегі *жаздай бер, жазбай бер, күздей бер, үзбей бер, қыстай бер, қыспай бер, көктемдей бер, көгеріп өскендей бер* сөздерінен адамның құдайдан құт-берекені тікелей емес тұспалдап, аллегория тәсіліне жүгініп жыл мезгілдерінің сипатына қарай сұрап, *құдай-табиғат-адам* үштігінің көмегімен жазбай бер, үзбей бер, қыспай бер, көгеріп өскендей бер деген іс-әрекетті білдіретін етістік пен бұл әрекеттің қалай орын алатынын көрсететін үстеулерді қосу арқылы құдайдың орасан зор мүмкіндігінен пана іздегендігін көрсетеді. Мұндағы бата-тілектегі бата берген адамның құдайдан сұрауы, оған жыл мезгілдеріндегі табиғаттың сипаты қалай өзгертетініне қарай, құт-береке мен молшылықты қалай тарту еткені жақсы болатынын айтуы, батаны тыңдаушылардың абстрактілі ойлау қабілетін арттырып қана қоймай, сонымен қатар оларға табиғат құбылыстары жылдың төрт мезгілінің бірінде өмір сүру жеңіл, екіншілерінде қиын болатынын ұғындырып, қолынан келсе қандай да бір жанға қамқорлық көрсеткен кезде, тарықтырмауын тілге тиек ету арқылы мінәжат етеді. Сонымен қатар бата берушінің аллегория тәсілін шеберлікпен үйлестіре қолданғаны адресат пен адресанттың арасындағы коммуникацияны ширата түседі. Яғни, *жазбай бер, үзбей бер қыспай бер көгеріп өскендей бер* деген бұйрық райлы сөз қолданыстары төрт мезгілмен ұштасып, төрт мезгілдің әр алуан болмысын қамтуынан адам баласының әр мезгілде де өмірі мінәжатпен тікелей қатынаста екендігін көрсетеді. Бұл ретте сондай-ақ батадағы етістіктің бұйрық райда берілуінен әрбір тұлға оны жеке өзіне айтылған тілектей қабылдап, бата берушінің көздеген прагматикалық мақсаты күшейе түсетіндігі байқалады.

Мінәжат ету, бата беру үлгілері жалпы адам баласына тән жалпыхалықтық сипаттағы әмбебап категория. Мінәжат етудің астарында адам баласы дәрменсіздігі мен шарасыздығын тылсым күштен сұрау арқылы өзінің сенімін күшейтіп, рухани жан әлемін байытып, өмірлік позициясына позитивтілік мотивация тудырудың тетігі ретінде қабылдайды. Мінәжат ету, бата беру категориялары жалпыадамзатқа ортақ болғанымен олардың өзіндік ұлттық және діни ерекшеліктеріне қарай айқұлақтанып ерекшелене түседі. Мәселен, қазақ руханиятында «батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді», «баталы ер арымас», т.б. секілді паремиялардың семантикасынан бүтіндей этнос дербес мәдениетін көрсетеді. Мұнда ер мен жерді «көгереді» деген бір сөзбен айқындалғаны, мінәжат етудің бата түріндегі формасының оң әсерінің маңыздылығын аңғартады. Славян халықтарында батаға ұқсас «благословение» деген жора бар. В.С. Безрукованың рухани мәдениет туралы энциклопедиясында благословениенің дін қызметкерінің адамдардың үстінен креспен жүргізіп, оларға жақсылық, аман-саулық пен қатар құдайдың жар болғанын тілейтін, христиандық жора екені, ал А.П. Евгеньеваның редакциялығымен шыққан орыс тілінің сөздігінде оның ата-ананың балаларына қандай да бір маңызды іс алдында бере алатыны жазылған. Ата-ананың «благословениесі» үлкендердің балалардың алдындағы беделін арттырып, оларды тіл алғыштыққа баулиды. Діни благословениенің негізінде құдайға деген махаббат пен оның құдіреттілігіне, ал ата-ананың благословениесінде ата-бабаның қайырлы күшіне деген сенім бар. Жалпы алғанда «благословениенің» мәні — құдайды мадақтауда [21; 106; 22; 95].

Славян халықтарындағы әкейдің благословениені беру және шіркеуге келушілердің оны алу кезінде жасайтын міндетті қимылдары бар. Сонымен қатар благословение алғанда шіркеуде жиналған жалпы қауым мен оны әкейден жеке тұлға өзі сұраған кездегі жасайтын қимылдарда айырмашылық болады. Благословение бергенде әкей «*Мир Вам!; Да благословит Вас, Бог!; Бог, благословит!*» дегенге ұқсас сөздерді айтады. Бұл ретте сөз орамының қысқа да нұсқа болуына құлшылық уақытының шектеулі, шіркеуде жиналған халықтың көп болуымен байланысты болуы ықтимал. Сонда да «Мир» деген сөзден халық арасында тыныштық, бейбітшіліктің жоғары

бағаланатыны байқалады. Ал «благословит» деген етістіктен әкейдің позициясы бейтарап, барлығы құдайдың қолында екенін, өзінің адам мен құдайды байланыстырушы, құдайдың сөзін жеткізуші дәнекер екенін көрсетеді.

Сондай-ақ буддизмде де батаға ұқсас мінәжат түрі бар. Буддизмнің тибеттік бағытында «Өмір доңғалағынан (сансара деп те аталады)» шығып, Бодхисат (Будда) құдайы сияқты жан азаттығына жетуге ұмтылатын, бір істің осы әлемдегі екінші әрекетке немесе оқиғаға түрткі болады деп, бір қарағанда жаман болып көрінетін оқиға орын алғанда бірқалыпты эмоциялық күйде болуға дағдыланатын ламалар кездестірген кісінің мейірімін, бойындағы игі қасиеттерін, жаман қасиеттерден арылуға талпынысын, яғни жан азаттығына жетуге деген әлеуетін байқағанда береді. Бұған әлдебір сұлу дэва (жақсы кармасының арқасында көкке көтерілген, адамдардан жоғары, мықты тіршілік иесі) Анадхапиндики бағында Бодхисаттан (Буддадан) бата сұрағанда оның дэваға айтқан жауабынан келтірілген үзінді дәлел болады.

«Өз-өзіңді тізгіндеу, тақуалық өмір, игі ақиқаты тану,
Өз тіршілігіңнің мақсатын білу — міне осы ең зор бата!
Дүниелік күйбең тіршілікке берілмеген, мұң баспаған жүрек,
Құмарлықтан ада, мықты жүрек — міне осы ең зор бата!
Осылай істейіндер ешқай тұстан жеңілмейді,
Қай бағытпен жүрсе де олар шаттыққа жетеді,
Өйткені олар ең зор ақ батаға қол жеткізген!»
(Кхуддака-патха және Сутта-нипатта, 258–269) [23; 86]

Мінәжаттың бата және благословение түрлерінің ортақ тұстары — құдайдан біреу немесе бір топ адамның қамын ойлап, жалбарынып сұрау, оның мазмұны, маңызды іс онынан шешіледі деген сенім, бата беруші/бата алушы арасындағы қарым-қатынастың жақсаруы, позитивті көңіл-күй. Бұл ретте екі жораның да қызметі бірдей болғанымен, қазақ халқында бата бергенде шешендікке, сөз ұйқасына, мағыналық мазмұнына, сөз құдіретіне көп мән берілгені байқалады. Сонымен қатар батаның діни мазмұны болғанымен, ол благословение сияқты құдайға құлшылық ететін орында емес, дастархан басында, дүйім жұрттың алдында және тағы басқа орындарда беріледі.

Брейзиер Кэрролайн «Буддизм адамды көкке қарай ұмтылуға итермелегендіктен, жеткісі келген нәрсесі тіптен қолға түспеуі мүмкін болғандықтан, ол азап шегуі және іштей кемелденуге ұмтылуы ықтимал» деген тұжырымына қарап, буддизмдегі батаның «ақ бата» мен христиандық благословениеден айырмашылығы тек адамның игі істеріне, құмарлық атаулыдан арылу, жамандықтан азат болу әлеуетіне қарай беріледі деген қорытындыға келе аламыз [24; 232]

Жалбарыну мәніндегі мінәжаттың діни сипаты, лингвистикалық бірліктердің мінәжат етушінің көңіл күйі мен интенциясын ашатын әлеуеті, коннотациялық, бағалауыштық, ассоциативтік, бейнелік сипаттары тілдік қолданыстар арқылы жүзеге асады немесе заттанады (материалданады).

Әрекет етуші адамның тікелей мінәжат еткен кезде айтатын сөздерін талдап, оның көңіл-күйін, қандай дінді ұстанатынын және сол дінге тән ерекшеліктерді байқауға болады. Мысалы:

«О, Раббым! О, Жаратушым! О, Мәлікім! Сені шақырғаным дәлел — *мұқтаждығым*, Саған жасаған дұғаларымда келтірер дәйегім — *шарасыздығым*, Құтқарушы болар нәрселер — *адалдығым* мен *пақырлығым*. Қазынам — *әлсіздігім*. Қолда бар байлығым — *үміттерім*. Шапағатшым — Өзіңнің сүйікті құлын, ардақты Мұхаммед Мұстафа (с.а.у) және сенің мол мейірімін. *Кешіре гөр, кеш мені! Жарылқай гөр! Я Аллах! Я, Рахман! Я, Рахим! Әумин!*» [25; 61]

Бұл мәтіндегі раббым, жаратушым, мәлікім (ауд. қожайын, патша), шапағатшым мен құлын деген тәуелділік реңктегі сөздер ислам дініндегі құдайдың алдындағы бойұсынушылықты көрсетеді. Бұл сөздерден иерархия сатысының сақталғанын, адамның жаратқанға жалбарынып қана қоймай, оған толықтай бағынатыны байқалады. Ал «*мұқтаждығым, шарасыздығым, адалдығым мен пақырлығым, әлсіздігім, үміттерім мен мейірімім*» деген тәуелділік реңктегі сөздерден құдайға жалбарынып тұрған адамның эмоциялық күйі айқындалады, яғни бұл лексемалардан оның қиыншылықты жеңудегі жәрдемшісі, теріс эмоцияларды еңсеруі, Аллаға үміт артып, одан қамқорлық күтетіндігін көрсетеді. Бұдан адамның қаншалықты мүмкіндігінің жоғары болғандығына қарамастан, мүмкіндігінің шектеулі екендігі мен өзі шеше алмайтын мәселелеріді еңсеруде мінәжат ету арқылы қол жеткізуге әрекет ететіндігі аңғарылады. Сондай-ақ «*Кешіре гөр, кеш мені!*» сөз орамынан мінәжат етушінің біліп-білмей жасаған кейбір теріс амалдарына кешірім сұрап, жеңілдегісі келетінін, «*Жарылқай гөр!*» деген сөздерден Алланың өзіне қамқор болғанын қалайтынын көрсетеді. Ал оның

Алланың тоқсан тоғыз есімінің мағынасы «мейірімді, кешірімді» дегенді білдіретін «*Я, Рахман! Я, Рахим!*» есімдерімен атағанынан құдайдың өзіне мейірлене қарайтынын күтетіні, ал «*Кешіре гөр!*» мен «*Жарылқай гөр!*» деген тіркестерде Алланың ол жасаған күнәларды кешіріп қана қоймай, жанын қинаған мәселесін шешіп, жанына тыныштық береді деген сенімнен айтылғандығын көрсетеді.

Адамзат баласының дәрменсіздігінің нәтижесіндегі тылсым күшке жалбарынуы яки мінәжат етуінің интенциясы зәрулік позициясынан бастау алады, кейіннен құдайдан сұрағаны орындалмай қалған жағдайда оның бойын ашу кернеп, ол өз-өзін асыра аяуға бейімділік танытуы мүмкін. Сұрағаны толықтай орын алса, шектен тыс қуанады, ал ішінара іске асса, бейтарап күйде болады не болмаса аздап өкінеді. Осылайша, жалбарынудың коннотациялық сипаты позитивті, нейтрал не негативті, ал бағалауыштық сипаты мінәжат етушінің күткенінің орындалуына қарай оң, бейтарап, теріс мәнде болады. Жалбарынудың ассоциативтік сипаты мінәжат етушінің зәрулік позициясында болғанына байланысты қолдау күту, құдайға сенім арту, қажетсіну сезімдері түрінде көрініс табады. Бейнелік сипаты да жалбарынушының әуелгі интенциясына байланысты болғандықтан санада діндәрлық, тақуалық, пақыр, өмірінде қиын жағдайға душар болған адам, ғибадат ету орны, түрлі жоралардың бейнелерін тудыруы мүмкін.

Жалпы мұсылман діннен басқа христиан діні мен иудаизмдегі жалбарынудың мәні мен формасы және мінәжат етушінің интенциялары ұқсас келеді. Тек буддизмде құдайға жалбарыну деген құлшылық мүлде жоқ, өйткені кемелдену доктринасына орай, кез келген тіршілік иесі мен адам істеген ізгі істерінің арқасында сансара доңғалағынан (дүниеге келу мен өлім айналымынан) азат болып, кемелденеді.

Исламдағы адамды кемелденуге жетелейтін сопылық бағыттың мәні мен сипаты:

Ал исламдағы жаратқанның алдында толық бойұсынушылықтан бөлек адамның әрекет етіп, руханилыққа талпынып, жаратқанға жақын болудың ізгілікті жолдарын іздеген мистикалық сопылық бағыттағы мінәжат тұрмыстық өмір мен тілдік қолданыста жиі кездеседі. Сопы өз өмірін тұтастай Аллаға мінәжат етуге арнап, оның сүйіспеншілігіне жету үшін фәни дүниенің барлық жайлы нәрселерден бас тартып, рухани тұрғыда кемелденуге ұмтылады. Мұсылман қауымының арасында сопылық бағыттың туындауына Мұхаммед пайғамбар уақытының көп бөлігін материалдық құндылықтарды қууға емес, дұға етіп, ораза ұстау сияқты мінәжат әрекеттерін жасауы, қарамағындағы адамдардың өміріне қатысты мәселелерді адамгершілік, адалдық пен ізгілікке сүйеніп шешкені түрткі болған деген идея бар. Ал сопылықтың қазақ жерінде кеңінен тарап, қолданысқа енуіне А.К. Ахметбекованың ойынша «қазақ халқының Қожа Ахмет Йасауи сопының интерпретациясы тұрғысында қабылдауды мейіл көргеніне байланысты» [26; 58].

Ғалым Д. Кенжетайдың сопылық бағытты зерттей келе «Кәләм ғылымы Аллаһ, әлем және адам ретінде тізбектелген болмыс түрлерін *Аллаһтың бар және бір екенін* дәлелдік логикасымен топтастырылса, ал сопылық Аллаһтың болмысын, оның бар екені (мағшук) *Аллаһтың махаббатына жету идеясы*мен ауыстырылады» деп айтқан тұжырымынан сопылықтың логикаға емес, Алланың сүйіспеншілігіне жету үшін, яғни оған барынша жақын болу мақсатын көздейтін идеяға сүйенетіні түсінікті. Ал оның «Сопылықтағы аскеттік ұстанымдар рухани психотехникалық тәжірибелер уақыт өте келе интеллектуалдық танымдық сатыға көтеріліп, дамыды» [27; 82] деген тұжырымынан сопылықта адамның құдайға барынша жақындай түсу мақсатына түрлі сакралдық практикалардың көмегімен жетуге талпынғандығын көрсетеді. Сондай-ақ ғалымның «*Аллаһтың бар және бір екені*» сөздері мен сопылықтағы «*Аллаһтың махаббатына жету идеясы*» сөз орамдарынан екі ілімде де әрекет етуші субъектінің адам екені көрінеді. Өйткені Алланың болмысы мен махаббатына кенелуге қатысты ойлар адамның санасында туындап, оның рухани қажеттіліктеріне қарай жетіле түседі. Ал психотехникалық тәжірибелердің дамуы деген сөздерден сопылықтың мінәжат ету тәжірибелерінің, соның ішінде «зікір салудың» әуелі жаратқанның есімін еске алу деген қарапайым ойды білдірсе, кейіннен күрделене түсіп, бір Алланы әрдайым есте ұстау деген мағынаға ие болғанын білдіреді.

Қорытынды

«Мінәжат» концептісі адамзат баласы үшін ортақ, жалпы абстрактылық сипатқа ие, құрмет көрсету мен құлшылық етуге қатысты парыздан туынайтын когнитивтік есті іс-әрекет. Рухани кеңістіктегі «тіл-дін-діл» секілді бірліктерді өзара байланыстырудағы дәнекерлеуші қызмет мінәжат ету актілері арқылы адам санасында жүзеге асады. Сондықтан «тіл-дін-адам-ғалам» арасындағы байланысты барынша толық ашатын мінәжатқа қатысты мәтіндерде, мінәжат етушінің көңіл-күйімен қатар, қарастырылып отырған мінәжат түрінің қоғам өміріндегі қызметі, мәтінде көзделген

прагматикалық мақсат, қандай да бір ұлтқа немесе дінді ұстанушыларға тән қасиеттерді айқындауға болатыны көрсетіледі.

«Мінәжат» концептісіне жасалған лингвистикалық талдаудан тілдің тек қана коммуникативтік құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар әртүрлі адамның, халықтың танымын, мәдениетін түсінуге мүмкіндік беретін дүниені танудың, адам мен ғаламды байланыстырушы, адамға рухани күш пен сенім беретін қуатты механизм екені байқалды. Адамзат дүниетанымындағы «Мінәжат» концептісінің құлшылық мәніндегі тауап ету және бата беру мен жалбарынуға қатысты мәтіндерді лингвистикалық талдау мен олардың исламнан өзге діндердегі мәні мен жораларын салғастыра талдаудың нәтижесінде мінәжаттың коннотациялық, бағалауыштық, ассоциациялық, бейнелілік сипаттарының мазмұнын былайша жіктеп көрсетуге болады.

1) *Құлшылықтың тауап ету формасында* мінәжат етушінің алдына қойған прагматикалық мақсатына қарай коннотациялық сипаты бейтарап, оң, ал интенциясының позитивті болуына орай бағалауыштық сипаты оң, лингвистикалық құралдармен сырттай сипаттау кезінде бейтарап болатыны анықталды. Адам баласының мінәжат ету әрекетіндегі тәу ету/тауап қылғандай, қағба деген сөздердің болуына байланысты санада қара тасты (Қағбаны) айналу, құдайға деген сенімнен туған акт, бойұсыну сынды ассоциациялардың туындауы бұл категориялардың мінәжаттың құлшылық түрінің ассоциативті сипаттары болып табылады. Аталған сөздерден санада мінәжат етуші кісі, ғибадат орыны (қара тас) бейнелерін туындатуы, бұл категориялардың мінәжаттың құлшылық түрінің бейнелілік сипаттары екенін білдіреді.

2) *Бата формасын* прагматикалық тұрғыдан қарастырғанда бата берушінің құдай мен бата сұраушының арасында дәнекерлеуші рөлде тұруы және бата сұраушының оны қандай да бір құндылықтарға сүйеніп таңдауы, бата бергендегі сөздердің көбі бата сұраушының құдайдың қолдауы, мейірімі мен шапағатына бөленуін сұрауы жайында болуы осы мінәжат түрінің коннотациялық сипатының позитивтілігінің белгісі саналады. Бата берушінің сөздері адам үшін маңызды материалдық және рухани құндылықтар мәселесін қозғайтыны батаның бағалауыштық сипатының оң екенін көрсетеді. Бата бергенде айтылған сөздердің бейнелілігі, мәнерлілігі, терең ойлы болуы, өмірдің түрлі қырларына қатыстылығы санада бата берушінің ақсақал, көсем, беделді кісі образын салса, олардың батасы жастарды жақсылыққа бағыттайтынына байланысты көз алдымызға өскелең ұрпақтың бейнесі келеді. Осындай образдар мен бейнелер мінәжаттың бата формасының бейнелілік сипатын құрайды. Бата беруші мен бата алушылардың интенциясының жағымды болуына байланысты санада батаның тілек тілеу, жақсылыққа бастама, құдайдан жақсылық пен құт-береке сұрау деген ассоциациялар қалыптасады. Ал бұл категориялар өз кезегінде мінәжаттың бата формасының ассоциациялық сипатын құрайды.

3) *Жалбарыну формасының* коннотациялық сипаты мінәжат етушінің интенциясы, жалбарынған кезде қолданған сөздерінің түріне және алдына қойған прагматикалық мақсатының оң, теріс немесе бейтараптығына қарай позитивті, теріс, бейтарап мәнде болады. Ал бағалауыштық сипаты мінәжат етушінің жалбарынған кездегі сөздерінің жағымды, оң, теріс, бейтарап мағыналарына сәйкес реңкте болады, ал сол сөздердің зәрулілік позициясынан айтылуына байланысты санада құдайға сенім арту, қажетсіну сезімі, дұға ету ассоциациялары туындайды. Осы ассоциациялар өз кезегінде мінәжаттың жалбарыну формасының ассоциациялық сипатын құрайды. Мінәжат етушінің дәл сол зәрулік позициясынан айтқан сөздерінен көбіне санада пақыр, өмірінде қиын жағдайға душар болған адам, ғибадат ету орны, дұға образдары кескінделеді. Бұл кескіндер мінәжаттың бейнелілік сипатын түзеді.

Адамзат баласының рухани тұрмыстық өміріндегі мінәжат ету әрекетіне қатысты тілдік қолданыстарды талдау барысында мінәжаттың тауап ету және бата алу мен беру формаларындағы прагматикалық мақсаттың оң, мінәжат етушілердің интенциясының позитивті болуына және рухани құндылықтарға негізделіп, адамдарды мейірімділік таныту, сүйеніш болу сияқты игі істерге итермелеуі үлкендер мен кішілер, ұстаз бен шәкірт, әке-шеше мен бала, немере мен ата-әже, бір дінді ұстанушылар арасындағы коммуникацияны жақсартып, қарым-қатынасты орнықтыратыны көрсетілді. Сонымен қатар мінәжаттың бата беру/бата алу формасында қолданылған сөздердің адамның бейнелі ойлауына әсер ететін құрал ретінде пайдаланылғаны байқалады. Ал мінәжат ету актісінің құлшылық жасау, жалбарыну сынды түріне қатысты мәтіндерге лингвистикалық тұрғыда талдаудан бұл актінің қандай да бір қажеттіліктен туындайтыны, жалбарынушының көңіл-күйі мен сезімдері, оның құдайға немесе қандай да бір құдіретке сенім артып, тілегінің орындалғандығын қалайтыны ғана емес, сонымен қатар діни канондарда жарыса қолданылады. Тұрмыстық өмірдегі мінәжат актісі кезінде айтылатын шағын сөз орамдарынан бастап, бата беру/бата алу, құлшылық

жасау, тәу ету, жалбарыну кезінде айтылатын сөз қолданыстарында жалпы адамзаттық, этнотанымдық, индивидуалды танымдық ақпараттар жатады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Гумбольд фон В. Язык и философия культуры / В. фон Гумбольд. — М.: Прогресс, 1985. — 452 с.
- 2 Морковин В.В. Русские агнонимы / В.В. Морковин, А.В. Морковина. — М., 1996. — 415 с.
- 3 Жеменей И. Мінәжат — «Тарихи Рашиди» еңбегінде / И. Жеменей // Ақиқат. — 2007. — № 4. — Б. 165.
- 4 Тұяқбаев Ғ.Ә. Тұрмағамбет шығармаларындағы мінәжат жанры / Ғ.Ә. Тұяқбаев // ҚазҰУ-ның хабаршысы. Филология сериясы. — 2014. — № 3 — Б. 51–54.
- 5 Керімбекова Б.Д. Қожа Ахмет Йасауи хикметтері мен қазақ поэзиясындағы мінәжат жырлардың көрінісі / Б.Д. Керімбекова, А.В. Таңжарықова // Абай атындағы ҚазҰПУ-ның Хабаршысы. Филология сериясы. — 2016. — № 4 (58) — Б. 142–146.
- 6 Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан, Г. Әлімбек, Г. Мамырбекова, Д. Боранбаев. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. — 596 бет.
- 7 Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі / Г. Мамырбекова. — Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. — 656 б.
- 8 Сайт онлайн. Толковый словарь русского языка С.И. Ожегова и Н.Ю. Шведовой. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://ozhegov.info/slovar/?q=%D0%BC%D0%BE%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5>
- 9 Попова З.Д. Когнитивная лингвистика / З.Д. Попова, И.А. Стернин. — М.: АСТ; Восток–Запад, 2007. — 226 с.
- 10 Крюкова Г.А. Концепт. Определение объема содержания понятия / Г.А. Крюкова // Изв. Рос. гос. пед. ун-та им. А.И. Герцена. — 2008. — № 59 — С. 128–135.
- 11 Pesina S. Concept in cognitive linguistics and Biocognitive Science / S. Pesina, T. Solonchak // Procedia — Social and Behavioral Sciences. — 2015. — Vol. 192, No. 24. — P. 587–592. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.06.100>.
- 12 Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику / В.А. Маслова. — М.: Флинта, 2006. — 296 с.
- 13 Исина Г.И. Когнитивная лингвистика: учеб. пос. / Г.И. Исина. — Изд. 2-е, доп., перераб. — Караганда: ТОО «Арқо», 2006. — 223 с.
- 14 Сыздықова Рабиға Сөздер сөйлейді (сөздердің қолдану тарихынан) / Рабиға Сыздықова. — Алматы: «Ел-шежіре», 2014. — 410 б.
- 15 Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының ресми сайты. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік режимі: <https://www.muftiyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2018-08-07/18607-azhyilyi-zhajlyi-sh-sra/>
- 16 София. Православный блог. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.sofija.ru/blog/krestnyy-khod-traditsiya-i-sovremennost/>
- 17 Аякова Ж.А. Буддийская ступа как символ учения / Ж.А. Аякова // Вестн. Бурят. гос. ун-та. Сер. Философия. — 2022. — Вып. 1. — С. 12–20.
- 18 <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=206> Қасейұлы Б. Ақ бата / Б. Қасейұлы // «Шалқар» газеті. — 1995. — 30-маусым (№ 24). — Б. 4.
- 19 Kulmanova Z.B., et al. Reflection of the Religious Worldview in Language — IJSCSL / Z.B. Kulmanova et al. // International Journal of Society, Culture & Language (IJSCSL). — 2022. www.ijscsl.net/article_253403_3c5409f9d69ace61c284276fb727e023.pdf.
- 20 Негимов С. Ақ бата: Бата сөздер / С. Негимов, Т. Қазыұлы. — Алматы: Жазушы, 1992. — 208 б.
- 21 Безрукова В.С. Основы духовной культуры: энциклопедический словарь педагога / В.С. Безрукова. — Екатеринбург, 2000. — 937 с.
- 22 Словарь русского языка: [В 4-т.]. — Т. 1. — Изд. 3-е, стереотип. / под ред. А.П. Евгеньевой. — М.: Русский язык, 1985. — 696 с.
- 23 Вудворд Ф.Л. Слова Будды / Ф.Л. Вудворд; пер. Н. фон Бока. — М.: Ганга, 2012. — 384 с.
- 24 Брейзиер К. Буддистская психология / К. Брейзиер. — М.: АСТ; Астрель, 2006. — 353 с.
- 25 Бәдіүззаман Саид Нүрси. Мінәжат (Рисале-и-Нұр жинағынан) / Саид Нүрси Бәдіүззаман. — Алматы, «Фейз» ЖШС, 2008 — 64 б.
- 26 Ахметбекова А.К. Қазақ жыраулары және сопылық ілім / А.К. Ахметбекова // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. — 2013. — № 3(64). — Б. 58–63.
- 27 Кенжетай Д. Исламдағы кәләм, сопылық және философия арасындағы байланыстар / Д. Кенжетай // Исламтану және араб филологиясы мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Профессор Ә. Дербісәлінің 60 жылдығына арналған. — Алматы: Нұр-Мүбәрак, 2008 — Б. 81–87.

С.А. Жиренов, У.Е. Кенжебаева

Лингвокогнитивная природа концепта «моление» в контексте мировоззрения человечества

В статье проведен комплексный анализ абстрактного характера и лингвокогнитивной природы концепта «моление». На основе выводов лингвистов в лингвистическом аспекте рассмотрены его коннотативные, этнокогнитивные, оценочные, ассоциативные, образные характеристики. Рассмотрение лингвосемантических, этнокогнитивных категорий, проявляющихся в процессе моления в антропоцентрическом плане, дает возможность определить общечеловеческие и этнические когнитивные особенности восприятия, эмоциональное состояние человека. В ходе изучения благословения, укрепляющего связь, выстраивающего уважительное, почтительное отношение между социальными институтами, были раскрыты место и значение культурной коммуникации между людьми. Эффективность антропологического исследования концепта «моление» показана через лингвокогнитивный, сопоставительный и семантический анализ грамматических категорий и приведенных в статье языковых сведений. В результате была определена связь дискурса моления с национальной самобытностью, особенностями вероисповедания, характером и эмоциональным состоянием человека, архетипными образами и другими категориями, в научно концептуальном аспекте проанализированы коннотативные, этнокогнитивные, оценочные, ассоциативные, образные характеристики моления в мировоззрении народа, человечества и языковой личности. Практическая значимость исследования определена возможностью полного использования алгоритмов, примененных при анализе текстов, касающихся концепта «моления», лингвистами, теологами, культурологами, этнологами и психологами.

Ключевые слова: моление, концепт, антропоцентрическая основа, лингвистический анализ, поклонение.

S.A. Zhirenov, U.E. Kenzhebayeva

Linguocognitive nature of the concept of “prayer” in the context of the worldview of Humankind

In the article a comprehensive analysis of “prayer” concept was given. The connotative, ethnocognitive, evaluative, associative, figurative characteristics of this concept were considered in linguistic aspect based on linguists’ conclusions. The anthropological study of linguistic-semantic, ethnocognitive categories appeared during prayer made it possible to determine cognitive characteristics of perception of ethnics, person’s emotional state. While studying blessing as a tool for strengthening relationship between social institutions, place, significance of cultural communication was revealed. The effectiveness of anthropological study of “prayer” concept was revealed through linguocognitive, comparative analyses, semantic analysis of grammatical categories. As a result, connection between prayer discourse and national identity, religious features, person’s emotional state, archetypal images were determined; connotative, ethnocognitive, evaluative, associative, figurative characteristics of prayer in the worldview of the people, humanity, linguistic personality were analyzed on conceptual aspect. The practical significance: linguists, theologians, ethnologists, psychologists can fully use algorithm of analysis of texts relating to “prayer” concept.

Keywords: prayer, concept, anthropocentric basis, linguistic analysis, worship.

References

- 1 Gumbol'd fon V. (1985). Yazyk i filosofiiia kultury [Language and Philosophy of Culture]. Moscow: Progress [in Russian].
- 2 Morkovin, V.V., & Morkovina, A.V. (1996). Russkie agnonimy [Russian agnonims]. Moscow: Progress [in Russian].
- 3 Zhemenei, I. (2007). Minazhat «Tarihi Rashidi» enbeginde [Prayer in «Tarihi Rashidi»]. Aqiqat, 2, 165 [in Kazakh].
- 4 Tuyakbayev, G.A. (2014) Turmagambet shygarmalaryndagy minazhat zhanry [Genre minajat in Turgamambet Itzleuov's works]. *Qazaq ulttyq universitetinin khabarshysy. Filologiiia seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University. Philology Series*, 3, 51–54 [in Kazakh].
- 5 Kerimbekova, B.D., & Tanzharykova, A.V. (2016). Qozha Akhmet Yassayi khikmetteri men qazaq poeziiiasyndagy minazhat zyrlarynin korinisi [Reflection of devotional songs in wisdoms of Khoja Ahmed Yassau in Kazakh poetry]. *Abai atyndagy Qazaq ulttyq universitetinin khabarshysy. Filologiiia seriiasy — Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Philology Series*, 4, 142–146 [in Kazakh].
- 6 Kurmanbaiuli, Sh., Isakova, S., Mizamkhan, B., Alimbek G., Mamyrbekova G., Boranbayev, D. (Comp.). (2019). *Qazaq tilinin kirme sozder sozdigi [Vocabulary with loanwords in Kazakh language]*. Almaty: «Ulittiq audarma byurosy» qogamdyq qory [in Kazakh].

- 7 Mamyrbekova, G. (2017). *Qazaq tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi [An explanatory dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language]*. Almaty: Memlekettik tildi damyutu instituty [in Kazakh].
- 8 Sait online. *Tolkovyi slovar russkogo yazyka S.I. Ozhegova i N.Yu. Shvedovoi [Online site. Definition dictionary of Russian language written by Ozhegov S.I. and Shvedova N.Yu]*. Retrieved from <https://ozhegov.info/slovar/?q=%D0%BC%D0%BE%D0%BB%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5> [in Russian].
- 9 Popova, Z.D., & Sternin, I.A. (2007). *Kognitivnaia lingvistika [Cognitive linguistics]*. Moscow: AST; Vostok–Zapad [in Russian].
- 10 Kryukova, G.A. (2008). *Contsept. Opredelenie obema sodержaniia poniatia [Concept. Determining scope of the content of concept]*. *Izvestiia Rossiiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta imeni A.I. Gertsena — News of the Russian State Pedagogical University named after A.I. Herzen*, 59, 128–135 [in Russian].
- 11 Pesina, S., & Solonchak, T. (2015). *Concept in cognitive linguistics and Biocognitive Science. Procedia — Social and Behavioral Sciences*, 192(24), 587–592. <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2015.06.100>.
- 12 Maslova, V.A. (2006). *Vvedenie v kognitivnuuu lingvistiku [Introduction to cognitive linguistics]*. Moscow: Flinta [in Russian].
- 13 Isina, G.I. (2006). *Kognitivnaia lingvistika [Cognitive linguistics]*. (2d ed.). Karaganda: TOO «Arko» [in Russian].
- 14 Syzdykova, Rabiga. (2014). *Sozder soileidi (sozderdin qoldanu tarihyinan) [Words say (according to the history of words using)]*. Almaty: El shezhire [in Kazakh].
- 15 *Qazaqstan musulmandary Dini basqarmasynin resmi saity [Official Site of the Religious Administration of the Muslims of Kazakhstan]*. Retrieved from <https://www.muftiyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2018-08-07/18607-azhyilyi-zhajlyi-sh-sra/> [in Kazakh].
- 16 Sofiia. *Provoslavnyi blog [Sofia. Orthodox blog]*. Retrieved from <https://www.sofija.ru/blog/krestnyy-khod-traditsiya-i-sovremennost> [in Russian].
- 17 Ayakova, Zh.A. (2022). *Buddistskaia stupa kak simvol ucheniia [Buddhist stupa as a symbol of the teaching]*. *Vestnik Buriatskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya Filosofii — Bulletin of Buryat State University. Philosophy Series*, 1, 12–20 [in Russian].
- 18 Kaseiuli, B. (1995). *Aq bata [Blessings]*. “*Shalkar*” gazetii — *Newspaper “Shalkar”, June 30 (No 24)*, 4 [in Kazakh].
- 19 Kulmanova, Z.B., et al. (2022). *Reflection of the Religious Worldview in Language — IJSCl. International Journal of Society, Culture & Language (IJSCl)*. www.ijsc.net/article_253403_3c5409f9d69ace61c284276fb727e023.pdf.
- 20 Negimov, S., & Kaziuli, T. *Aq bata: Bata sozder [Blessings; blessing words]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 21 Bezrukova, V.S. (2000). *Osnovy dukhovnoi kultury [Basics of spiritual culture]*. Ekaterinburg [in Russian].
- 22 Evgeneva, A.P. (Ed.). (1985). *Slovar russkogo yazyka [Dictionary of the Russian language]*. Moscow: Russkii yazyk [in Russian].
- 23 Vudvord, F.L. (2012). *Slova Buddy [Buddha's words]*. (N. fon Boka. Trans.). Moscow: Ganga [in Russian].
- 24 Brazier, C. (2006). *Buddistskaia psikhologiiia [Buddhist psychology]*. Moscow: AST; Astrel [in Russian].
- 25 Badiuzzaman, S.N. (2008). *Minazhat (Risale-i-Nur zhinagynan) [Prayer (Risale-i-Nur zhinagynan)]*. Almaty: «Feiz» ZHSHS [in Kazakh].
- 26 Ahmetbekova, A.K. (2013). *Qazaq zhyraulary zhane sopylyq ilim [Kazakh zhyrau-poets and Sufi teachings]*. *Qazaq ul'tyq universitetinin khabarshysy. Shygystanu seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University. Oriental Studies Series*, 3, 58–63 [in Kazakh].
- 27 Kenzhetai, D. (2008). *Islamdagy kalam, sopylyq zhane filosofiiia arasyndagy bailanystar [Kalam in Islam; Sufism and connections between philosophies]*. *Islamtanu zhane Arab filologiiiasy maseleleri: Khalyqaralyq gylymi-praktikalyq konferentsiia materialdary. Professor A. Derbisalinin 60 zhyldygyna arnalgan — Proceedings of International scientific practical conference devoted to 60 anniversary of professor Derbisaly* (pp. 81–87). Almaty. Nur-Mubarak [in Kazakh].

Information about the authors

Zhirenov, Sayan Amanzholuli — Candidate of philological sciences, professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: saken82@mail.ru

Kenzhebeyeva, Ulpan Ermakhanbetovna — 2nd year PhD student in «Linguistics», Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: uli.05@mail.ru